



18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Балалар ойлауы мен сөйлеуінің
дамуындағы кейбір ерекшеліктер





Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Балалар ойлауы мен сөйлеуінің дамуындағы кейбір ерекшеліктер

Бала ақыл – ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игеруімен есте сақтау, елестету танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез – құлық нормаларын игеруі, білім, білік, дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты.

Эйдетизм — бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстарды объекті көзден таса жағдайда да көріп тұрғандай қабылдайтын ерекше психологиялық құбылыс. Осындай қабылдаулар жайлы ілімді психологияда эйдетизм, ал осы топқа жататындарды эйдетиктер деп атайды. Эйдетика ес елестері мен көру түйсігіндегі ілеспе бейнелерге ұқсас келеді. Бұлардың қай-қайсысында болсын, адам жоқ нәрсені көріп тұрғандай сезінеді және оны ұсақ-түйектеріне дейін нақты түйсіне алады. Эйдетикалық бейнелер - айрықша қуаттылықпен сипатталатын және қабылданған заттар мен әрекеттерді барлық жеке жақтарында әбден дәл қайталайтын көрнекілі бейнелер. Көбінесе балаларда байқалады. Эйдетикалық бейнелер — айқын және тұрақты болатын ойша бейнелер. Эйдетикалық бейнелердің ерекшелігі — бұрын қабылданған заттар мен құбылыстар объекті көзден таса жағдайда да елестеп тұрады. Эйдетикалық бейнелер ересек адамдарға қарағанда (мың адамнан бір адамда, кейбір деректерде бір млн. адамнан бір адамда) балаларда (жүз баланың бесеуі) жиі кездеседі. Эйдетикалық ес — адамның көру есінің түрі, көрген бейнелерді қиналмай, нақты әрі қатесіз еске түсу қабілетімен байланысты.

Эйдетиктермен жасалған тәжірибелер Выготскийге елестермен эксперимент жүргізуге мүмкіндік берді. Автор эйдетикалық елес — ол генетикалық тұрғыда, бір жағынан, қабылдаудың, екінші жағынан, сөздің өз мағынасындағы, елес арасындағы орталық орынды алатын ес дамуының деңгейі деген анықтама береді. Бір жағынан, елестер, адам алдында зат болмағанда да оның бейнесін көруі тұрғысынан, ес болғандықтан, елес — ойлау материалы деп түсінеміз.

Өз еңбегінде автор Э.Иенш мынадай тәжірибелер жасады деп, сол тәжірибені келесідей сипаттайды: Э.Иенш 14 эйдетикті алып, төмендегі жағдайда эксперимент жүргізді. Әрбір сыналушыға кәдімгі жемісті көрсетіп, сонан соң біршама шықтықта ілгіші бар таяқты көрсетеді. Заттарды алып тастағаннан кейін, эйдетиктер экранда сәйкес бейнелерді көреді: жеміс, таяқ, ілгіш. Сыналушыларға: осы жемісті жеу жақсы болар еді деп, ойлануға нұсқау берілгенде, онда 14 сыналушының 10-ы сәйкес нәтижелер көрсеткен: егер де бұрын таяқ пен ілгіш көз алдында бір-бірінен бөлек болса, нұсқаудан кейін, таяқ пен ілгіш жақындап, таяқтың көмегімен шындығында жемісті алатын жағдайға келтірілген. Зейінді белгілі түрде таяқтан аластату осы байланыстың қайта үзіліп, таяқтың ілгіштен алыстауына әкелген. Эйдетик емес адамдар жеке заттар қозғалмалы және де мөлшері орны жағынан жеңіл өзгеріп, оған бағытталған зейінге байланысты екені белгілі. Эйдетиктерді бақылауда бейнелердің қозғалғыштығы тым жоғары болған. Сонымен, Иенш елестерде де, қозу іздерінде де жеке заттардың көзбен көрудегі тікелей бірігуі аса жеңіл өтетінін көрсете алды. Бұл эксперименттер Иенш Келердің тәжірибесіндегі жануарлар ғана емес, әлі сөйлей алмайтын балалар да тапсырманы ойша осындай тәсілмен шешуі керектігінің үлгісін алды деп ойлауға мұрындық болды. Ол былайша орындалады. Егер де эйдетикалық көруде жақын тұрған заттар болмаса, ал елестерде іздер стимулында баланың тапсырмасы, сол жағдайына сәйкес заттардың ерекше комбинациясы іске асырылады.

Ойлаудың осындай формасы табиғи, бастапқы болғандықтан, натуралды деп аталады. Мұндай ойлау жүйке аппаратының кейбір бастапқы қасиеттеріне негізделген. Натуралды ойлау формасы, біріншіден, бала алдындағының нақтылығымен, олардың азды-көпті дайын жағдайларға тұйықталуымен, екіншіден, динамикасымен, яғни эйдетиктердің белгілі бейнелер мен формалардың орнын ауыстырып, комбинациялар жасауымен ерекшеленеді. Лев Семеновичтің ойынша, физиологиялық мәнін әлі толық түсіне қоймаған осы тәжірибе бізге мәлім ми қызметіне қайшы келмейді. Біз бір-біріне тәуелсіз қызмет ететін екі орталықтың жоқ екенін білеміз; керісінше, жалпы ереже бойынша, мида бір уақытта қозған кез келген екі орталықтың өз арасындағы байланысты тұйықтау үрдісі (тенденциясы) бар. Демек, барлық қозған орталықтар өз араларында әйтеуір бір байланысты орнатады. Яғни екі әсер, екі шартты рефлексте, осы екі әсер үшінші тапсырманың өзімен байланысты қозу ошағын береді деп болжамдауға болады. Үшінші ошақ бастапқы екі әсермен байланысты, демек, мидың қабығында қозулардың ауысуы болады.

Енді баланың бүкіл ойлауы сенсорлық аппараттың қызметіне сәйкес қалай өзгереді елестетейік дейді автор. Баланың екі көзі затқа бағытталғанда, тұйықталу іске асады, бір заттың екіншімен байланысы орнайды, бала ойлаудың натуралды формасынан адамзаттың әлеуметтік қатынастарының негізінде



қалыптасып мәдени формасына көшеді. Оның өзі баланың сөйлеу көмегімен ойлауға көшкенде, сөйлей бастағанда, оның ойлауы қозудың бір ізден екіншісіне қарай жылжуы болудан қалғанда, бала жіктелінген элементтердің өте сезімтал жүйесі, өткен тәжірибе нәтижелері қиыстыруларының жүйесі болатын сөйлеу әрекетіне көшкенде ғана болады. Сөздер тек жеке реакциялар емес, күрделі механизмнің, яғни басқа элементтермен байланыс және қиыстыру механизмінің бөлігі болатынын білеміз.

Бала мінез-құлқындағы шешуші өзгерістер баланың құралдарды эйдетикалық алдану тәжірибесінде сөзді — сөйлеуді енгізгенде пайда болатынын көрсетеді. Эйдетикалық тұрғыдан қарапайым осы операция — «құрал және жеміс» жүйесі — бала не істеуі керек және не етіп жатқанын сөзбен түсіндірмекші болғанда бірден бузылатынын Иенш те көрсеткен; осы жағдайда бала бірден тапсырманы шешудің жаңа формаларына көшеді. Осындай фактілер Липманның да белгілі тәжірибелерінде көрінеді. Ол сыналушыны бөлмеге кіргізіп, кәдімгідей күрделі операцияны, мысалы, шкафтың ең шетінде өте орнықсыз жатқан шарды алуы ұсынады, шарды алу үшін құралды пайдалану қажет. Сыналушыға Липманн алдымен: «Шарды шкафтан алыңызшы,» — деп, сыналушының тапсырманы қалай орындағанын бақылайды. Бас жағдайда ол: «Шарды шкафтан алыңызшы», — деп, сыналушы тапсырманы орындай бастағанда: «Тоқта!» — деген сигнал береді және: «Алдымен қалай жасайтыныңызды айтып беріңіз,» — деп өтініп, тағы да сыналушының тапсырманы қалай орындағанын бақылайды. Зерттеуші тапсырманың алдымен сөзбен орындалуын және сөзді қолданбай орындалуын салыстырады. Тапсырманы орындау сипаты мүлдем әр түрлі екен: шарға қарап отырып орындаймыз ба немесе сөз қолдану арқылы орындаймыз ба, — соған байланысты. Бастапқыда реакция көз алдында жатқан зат дейін шықтықты қолмен өлшегісі келген әрекеттен басталады, екіншіде, мен тапсырманы сөз жүзінде шешіп, бар жағдайды сөзбен талдаймын. Осы ретте Выготский былай дейді: «Әрине, сөз жүзінде қолмен істей алмайтын кез келген комбинацияны жасауға болатыны түсінікті. Сөз жүзінде шардың көлеміне, түсіне сәйкес кез келген образды сипаттауға болады. Сөз жүзінде зат тіпті тапсырманы бірінші рет орындауда қажет емес қосымша қасиеттерді де беруге болады.

Липманның айтқанын қайталай отырып, мен сөз жүзінде ең түйіндісін, жағдаяттағы ең маңыздыны ала аламын, ал тапсырма үшін, менің көзқарасым бойынша, жағдаяттың маңызсыз қасиеттерін ескерусіз қалдыра аламын десем, түсінікті болады. Сөздер, біріншіден, түйіндіні алуға, екіншіден, кез келген образды қиыстыруға көмектеседі. Шарды алу үшін таяқты алғанша, мен сөздердің көмегімен бір минутта әрекеттің екі-үш жоспарын жасап, біреуін таңдай аламын. Сонымен, тапсырманы сөз жүзінде және іс жүзінде шешудегі, тапсырманы орындаудағы принциптік тұрғы мүлдем әр түрлі болады» дейді автор.

Лев Семенович құралдарды пайдаланып шешуге байланысты тапсырманы балалардың қалай орындағанын байқаған. Бала торлы кереуетке орналастырылған, көз алдында жеміс, бірнеше таяқ та осы жерде. Бала жемісті алуы керек, бірақ астында тор. Тапсырма жемісті өзіне қарай тарту. Бала жемісті қолымен алуға ұмтылғанда, ол торға тіреледі. Келердің тәжірибесінде маймыл ешқашан да бірден жемісті қарама-қарсы жаққа қуу керектігін аңғармай, жемісті өзіне қарай тартып, тікелей реакция жасаған. Тек жеміс жерге түскенде ғана, маймыл жемісті жақындату үшін айналма жолды пайдаланған. Кіші жастағы бала тапсырманы қиналыңқырап, кідірістеп орындайды және де қызықты мінез-құлық көрсетеді. Әдетте, бала өте тынышсыз болады, эгоцентрилік сөйлеуі байқалады, яғни ол тек пысылдап, таяқты ауыстыра берумен қатар, үздіксіз сөйлейді де. Әдетте, ол сөйлей жүріп екі функция атқарады: бір жағынан, әрекет жасай отырып, қатысушыларға сөйлейді, екіншіден — ең маңыздысы да — бала операцияның жеке бөліктерін сөз арқылы жоспарлайды. Мысалы, балаға көрсетпей, экспериментші таяқты тығады, тапсырма тордың ар жағында жатқан жемісті алу, оны тек таяқтың көмегімен жасауға болады. Бала қолын әрі қарай соза алмайды, өйткені оған тор кедергі жасайды. Ол жемісті бір жағынан итеруі керек, сосын торды айналып және операцияның екі кезеңін жоспарлауы керек — алатын жемісті бағыттау, жүгіріп келіп оны қолға алу. Бұл жердегі ең қызықтысы: егер таяқ мүлдем болмаса, бала жемісті қолмен алуға тырысады, кереует үстінде жүреді, сасқалақтап қарайды, ал баланың зейіні таяққа ауса болды, жағдай күрт өзгеріп, бала не істеу керектігін аяқ астынан түсінгендей болып, тапсырма бірден орындалады дейді автор.

Ересектеу балада осы операция басқаша өтеді. Алдымен бала жемісті аздап жылжыту үшін ересекке таяқты беріп жіберу туралы өтініш жасайды: бала сөйлеуді ой құралы, ересектер көмегімен, қиын жағдайдан шығуға көмектесетін құрал ретінде қолданады. Сонан соң бала өзі ой жүгірте бастайды, көбіне ойлауы жаңа формада: бала алдымен не істеу керектігін айтады, сонан соң жасайды. «Енді таяқ керек» немесе «Енді мен таяқты аламын», — дейді. Мүлдем жаңа құбылыс байқалады. Бұрын таяқ болса,



операция жасалатын, егер таяқ болмаса — операция іске аспайтын. Енді бала таяқты өзі іздейді, егер жок болса, өзі қажетті затты іздестіреді.

Ең қызықтысы әсіресе еліктеуге жасалған тәжірибе. Ересек бала тапсырманы орындағанда, кішісі қарап отырады. Ересек бала тапсырманы орындауын аяқтағанда, кішісі кіріседі. Выготский енді кіші баланың қалай еліктейтінін және дайын шешімді қалай қайта жаңғыртатынын бақылайды. Егер операция біршама күрделі болса, жағдай өзгереді: бұл жердегі еліктеу процесі бір бала әрекет жасағанда, екіншісі операцияны сөз жүзінде жасайды. Егер ол шешімді сөз жүзінде жасай алса, онда сыналушыға алдымен сөзбен айтып, сонан соң еліктеу процесін бастау керек деген Липманн шешімі орындалады. Әрине, неғұрлым тапсырма күрделілеу болса, еліктеу процесі баланың операциядағы маңызды мен маңызсызын ажыратуына байланысты болады. Бұл сөзін Лев Семенович келесі мысалмен қуаттайды. Қарапайым жағдайда кішісі өзіне еліктейтін ересек бала тапсырманы орындамас бұрын тор арқылы қолын созып, жемісті алғысы келеді. Ала алмаған соң, ол таяқты алып, мәселені осылайша шешу жолын ашады. Кіші бала үлкеніне еліктеп, жағдайды байқап, ересектің жасағанынан бастайды: ол жатып, қолын созады, бірақ жемісті қолмен алу мүмкін еместігін біледі. Сонан соң ол үлкеннің жасаған операциясын түгел қайталайды. Кіші бала істің неде екенін түсінгенде, жағдай мүлдем өзгереді. Сол кезде ол жағдайда сөзбен айтылғанын ғана жасайды: «Басқа жағынан алу керек» немесе «орындыққа тұру керек», — дейді. Бұл жағдайда бала көрінетін жағдайды түгелдей емес, тек сөз арқылы шешкенін ғана жасайды.

Осыдан автор балада ойлаудың екі формасын байқағанда көрнекті жағдай немесе сөздің көмегімен — біз бұрын сөйлеу дамуында байқаған кезеңдерді өзгертуді көретінін айтады. Алдымен, әдетте, бала әрекеттенеді, сонан соң сөйлейді, оның сөздері тапсырманы орындаудың іс жүзіндегі нәтижесі сияқты. Бұл кезеңде бала сөздерінде ненің ерте, ненің кеш болатынын ажырата алмайды. Бала бір немесе екінші затты алу тәжірибесінде алдымен таңдайды, содан кейін ғана түсіндіреді. Егер бала екі табақтың ішінде жаңғақ жатқанын таңдаса, ол шын мәнінде, оның ішінде жаңғақ жатқанын білмесе де, соны таңдайды, бірақ сөзбен бала: «осы табақта жаңғақ жатқандықтан таңдадым» дейді. Басқаша айтқанда, сөздер — іс жүзіндегі жағдайдың тек түйінді бөлігі болып табылады дейді Выготский.

Бірте-бірте 4—5 жас шегінде бала сөйлеу мен ойлаудың бірлескен әрекетіне көшеді: балаға әсер ететін операция уақыты бойынша ұзарып, бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Сөйлеу — эгоцентрлік түрінде, әрекет барысында ойлау пайда болады, кейінірек олардың толығымен бірігуі байқалады. Бала: «Мен таяқты аламын» деп айтады да, барып алады. Басында бұл қатынастар толқымалы болады. Шамамен мектеп жасында бала алдымен керекті әрекетті сөз жүзінде жоспарлап, содан соң ғана операцияны орындайды екен.

Баланың барлық іс-әрекеттерінде Выготский осындай бірізділікті байқаған. Сурет салуда да солай болады. Кішкентай бала, әдетте, сурет салады, сонан соң ғана не салғанын айтады; келесі кезеңде ол не салып отырғанын, алдымен бөлек- бөлек айтып береді. Ең ақырында, соңғы кезең қалыптасады: бала алдымен не салатынын айтады, сонан соң суретті салады.

Лев Семенович Выготский баланың сөйлеу арқылы ойлауға көшкенінде болатын керемет төңкерісті көрсеткен. Оны автор бұл жерде қысқаша адам құралды қолдануға көшкендегі төңкеріспен ұқсастық жасайды. Жануарлар психологиясы туралы Дженнингстің болжамдары өте қызықты: жануарлар мүмкіндігінің аясын тек қана оның органдарына байланысты анықтауға болады. Мәселен, балық ешбір жағдайда да ұша алмайды, бірақ ол өз органдарына байланысты жүзу әрекеттерін жасай алады. 9 айға дейін адам баласы да толығымен осы ережеге бағынады. 9 айда күрт өзгеріс болады, осы кезден бастап адам баласы Дженнингге схемасынан шығады. Бала бірінші рет сылдырмаққа байланған жіптен тартқанда немесе өзіне жақындату үшін бір ойыншықтан екіншісін итергенде, органология бұрынғы күшін жояды, бала өз мүмкіндіктері жағынан жануардан ерекшелене бастайды, қоршаған ортаға баланың бейімделуінің сипаты мүлдем өзгереді. Бала сөйлеу арқылы ойлауға көшкенде де осыған сәйкес жағдай болады. Автор тек осындай ойлауға байланысты, ой бекітіліп, азды-көпті тұрақты сипат алады дейді

Біз көзге әсер ететін қарапайым қоздырудың бүкіл қасиетін білеміз. Бейненің өзінің өзгеруі үшін көздің кішкене бұрылысы жеткілікті. Выготский бұл жерде бірізділік бейне туралы экспериментті мысалға келтіреді. Ол былай дейді: «біз көк квадратқа қараймыз, оны алып кеткенде, біз экранда сары дақты көреміз. Бұл қарапайым естің формасы — қозудың инерциясы. Көзімізді жоғарыға көтерсек — квадрат жоғары көтеріледі, көзімізді басқа жаққа аударсақ — квадрат басқа жаққа ауысады. Экранды әрі қарай жылжитсақ — квадрат әрі қарай жылжиды, жақындатсақ — жақындайды. Әлемде қозулар қандай қашықтықта, қандай бұрышпен және қандай әдіспен бізге әсер етуіне байланысты болатын тұрақсыз



бейнелеу көрінеді».

Егер кішкентай бала эйдетикалық бейнелер аясында болса, не болатынын елестетейік, — дейді Иенш: өзінен он қадам жерде тұрған анасы мен оған жақындаған анасы, баланың көзіне он есе үлкеюі керек еді. Кез келген заттың көлемі айтарлықтай өзгеруі тиіс еді. Бала үлкен және мөңіреген жануарды жүз қадам жерде шыбын сияқты көруі керек еді. Демек, әрбір затқа байланысты кеңістікті дәлдеп түзетулері болмаса, әлемнің өте жоғары деңгейдегі тұрақсыз суреттемесі болар еді. Нақты ойлау формасының биологиялық тұрғыдан екінші кемістігі: нақты осы мәселенің шешімі тек қана нақты жағдайға байланысты болатыны; бұл жерде біз жалпылау жасай алуға мүмкіндігіміз жоқ, өйткені шешілген мәселе теңдеу емес, оның шешімінің нәтижесін кез келген басқа объектілердің мәселесіне көшіру мүмкін емес. Сөйлеудің дамуы ойлауды өзгертіп, жаңа формаларға көшіреді. Бала суретті сипаттауда жеке заттарды айтып шыққанда, әлі де ойлауды өзгертпейді; дегенмен бұл жердегі ең маңызды факт — оның сөйлеу арқылы ойлауының қалып- тасуының негізі — тәсілдің жасала бастауы. Баланың жеке заттарды атауы оның органдарының биологиялық тұрғысы- нан аса маңызды болып табылады. Бала әсерлердің бірігіп кеткен байланыссыз жиынтығын жіктей бастайды, ол синкреттік әсерлерді бөліп алып, оның жеке бөліктерінің арасында, қандай да бір объективті байланыс құру үшін, жіктеу қажет болғандықтан — жіктейді. Бірақ сөйлеу арқылы ойлай отырып, бала тұтас суреттемені көреді, соның негізінде ол өмірдегі жағдайды тұтастай, синкретті түрде көреді деп болжамдауға негіз бар.

Бір затты екіншісінен ажырататын сөз синкретті байланысты бөлу және жіктеудің жалғыз құралы болады. Сөйлей алмайтын, әсіресе керең-мылқау баланың ойлауында егер де заттардың бүтіндей үлкен суреттеме деп ойлайтын аса күрделі құрылымынан бір бөліктерін ажырату немесе берілген жағдайдан заттардың жеке белгілерін бөліп алу қажет болғанда, қандай күрделі өзгеріс болатынын елестетейік. Бұл жылдар бойы дамуды күтетін операция. Енді сөзді меңгерген адамды немесе одан да жақсысы — баланы елестетейік, оған ересек адам саусағымен затты нұсқайды: бірден, жиынтық ішінен, жағдайдан бір зат немесе бір белгі бірден баланың назарын аударады; сонда бүкіл жағдай жаңа түрге ие болады дейді автор.

Жеке зат әсерлер жиынтығынан бөлініп алынады, қозу үстемдігі шоғырланады, сонымен, бала алғаш рет жиынтық әсерлерін жеке бөліктерге жіктеуге көшеді. Осы тұста автор бала ойлауының дамуы сөйлеу әсерінен қалай іске асырылады және ең маңыздысы неде деген сұрақ қояды.

Сөз жеке заттарды бөліп алады, синкретті байланысты жіктейді, сөз әлемді талдайды, сөз — талдаудың бірінші құралы. Затты сөзбен атау — бала үшін әрекет ететін жиынтық ішінен біреуін бөліп алу. Біз балада алғашқы түсініктер қалай пайда болатынын білеміз. Біз балаға: «Мынау көжек», — дейміз. Бала бұрылып, затты көреді. Осы бала ойлауының дамуында қалай көрінеді? — деп сұраймыз. Осы актіде бала эйдетикалық, синкретті нақты бейнеден, нақты жағдайдан ұғымды табуға көшеді. Зерттеулер көрсеткеніндей, бала ұғымдарының дамуы сөздің әсерінен қалыптасады, бірақ бұны Выготский жалғыз жол деп есептеу қате пікір дейді.

Дәрісімізді қорытындылай келе, ассоциация психологиясының өкілдері ойлаудың негізгі мақсаты мен қисынды жүйесін тәжірибе жүзінде жаңа ұғымды қолдана отырып, қалайда түсіндіріп беруді қолға алып, тырысты. Олар ғылымға табандылық (латын -тілінде – персеверация – қажырлылық, табандылық) деген ұғымды енгізді. Соның көмегімен ойлау әрекеттерін ассоциация принциптеріне сүйеніп шешуді мақсат етті. Бұл ұғымның мәні біздің санамызда ассоциациялық бағытпен бірге, оған қарсы тұратын бағдар да бар. Сол бағдар адам санасында бекиді. Егер мұндай бағдар өзге бағдармен ығыстырылатын болса, онда олардың өзара байланысты нәтижесінде табандылық көрсететін бағдар пайда болады. Ассоциация принциптеріне орай ол бұрынғы өз орнына барып жайғасады деген дәйек келтіреді. Тәжірибе жүргізген бірсыпыра авторлар біздерге қажетті болған түсініктерді, атап айтқанда, осындай қажырлы бағытты тиісті орнында қолданып, ойымыз бен іс-әрекеттерімізді онан әрі арай өрістетіп отыруға мәжбүрміз дейді.

Қосымша әдебиеттер:

1. Белошистая А. В. Игра на занятии по математике, или еще раз о «веселой математике» / А. В. Белошистая // Вопросы психологии. – 2007.
2. Глушкова Л. Вижу, действую, познаю : игры-занятия с детьми младшего дошкольного возраста / Л. Глушкова // Дошкольное воспитание. – 2008.